

тіктеріне тікелей жалғанады да, ал басқа етістіктерге түрлі қосымшалардан соң жалғана келе, етістік баяндауыштың қай жақта тұрғандығын көрсетіп, әрі сол көрсеткіші арқылы бастауыш та белгілі болады. Мұның өзі баяндауыштағы жақтық көрсеткіші арқылы бастауыштың қай жақта тұрғандығы мен етістіктің де сол жақта тұруы бір-бірімен ұштасып, екі жақты байланысқа түседі де, бірін-бірі толықтырады. Бастауыш та, баяндауыш та екі жақты баяндауыштың бірінде баяндауыш арқылы көрінсе, бастауышта көбіне есімдіктер арқылы көрінеді.

Сөйлемнің ең негізгі қаңқасы предикаттылық десек, одан кейінгі мәселе - сол сөйлем арқылы адамның қуану, шаттану, еркелету, шошу, ашу-ыза, күдіктену, күшейту, әсерлеу, құптау, құптамау, жақтырмау, сену, мүмкіндік, керектілік, болжалдық, т.б. қасиеттері, яғни, олардың семантикалық белгілерін айқындау – екінші орындағы мәселе. Ал сөйлемнің бойындағы мұндай қасиеттердің барлығы да модальділік белгісі арқылы беріледі де, олардың негізгі көрсеткіштері рай категориясы, модаль сөздер мен демеулер және интонация болуы тиіс. Бұл Т.Сайрамбаевтың сөйлемге тән тағы бір қасиет модальділікке байланысты айтылған пікірі. Яғни, модальділік категория сөз иесінің беріліп отырған хабарға өзіндік көзқарасын байқатады. Ол өзінің мағынасы арқылы сөйлемнің айтылу мақсатын, сазын білдіреді. Модальділіктің сипатына қарай сөйлемдер хабарлы (*Оқу басталды*), бұйрықты (Ертең ерте кел), сұраулы (*Мынау кімнің кітабы?*), лепті (*Қандай тамаша! Көрінбе көзіме!*) боп бөлінетіндігі белгілі. Модальділік категориясының сыртқы материалдық көрсеткіші- интонация мен әр түрлі морфология-

лық және лексикалық элементтер. Модальділік мағынаның көрінісі, берілуі тілдерде біркелкі болмайды. Модальділік мағына материалдық жағынан грамматикалық та, лексикалық та болады. Грамматикалық модальділік белгі сөйлемде негізінде етістік райлары арқылы жасалады. Бұл жағынан алғанда, модальділік категориясы передикаттық категориямен үндеседі десек болады. Ал лексикалық модальділік белгісі көбіне тілдегі модаль сөздер арқылы көрініс табады (*Ол оқиды – ол, әрине, оқиды т.б.*). Осының ішінде модальділік категориясының көрсеткіштерінің бірі демеуліктердің рай категориясына қарағанда өте эмоционалдық қасиетін таныту жағы басымырақ екенін көреміз. Жалпы, демеулердің түрлерінің атының өзі олардың ондай сөйлемдерге қандай мағына үстеп тұрғандығын көрсетуімен нақтыланады [9:7].

Қорыта айтқанда, ғалым Т.Сайрамбаев қазақ тіліндегі сөйлемнің негізгі белгілерінің ғылыми теориясының қалыптасуына үлкен үлес қосты деуге толық негіз бар. Ғалымның синтаксистік ғылыми жаңалықтары арнайы қарастыруды қажет ететін мәселелер.

1. Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы А., 1950
3. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. А. 1966
4. Сайрамбаев Т. Сын есімді етістік сөз тіркестері // Қазақ тілімен әдебиеті. № 1. 1999. / М.Жолшаевамен бірге.
5. Виноградов В.В. Вопросы грамматического строя, М., 1955
6. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. А., 1981
7. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. А. 1966
8. Әмір Р. Жай сөйлем синтаксисі. А., 1998.
9. Закиев М. Синтаксический строй татарского языка, Казань, 1963.

* * *

В статье рассматриваются принципы ученого профессора Т.Сайрамбаева о предложениях в казахском языке.

* * *

The article deals with the principles of sentences in Kazakh language according to Professor T. Sairambaev.

Б. Рысбай,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к.

Ә. НҮРПЕЙІСОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СИНКРЕТИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ

Тілдік құбылыстардың табиғатын танып, тілдік ерекшелігін айқындауда көркем әдебиеттің қосар үлесі айрықша екендігі анық.

Тіліш-ғалым А.Салқынбайдың сөзімен айтқанда: «Сөздің қасиеті мен киесі көркем әдебиетте шынайы көрініс береді, қазақ қалам-

герлерінің туындылары арқылы сөздің сиқырлы кейпі ашылып, мүсінделе, әрлене түседі. Көркем шығармалардағы сөз қолданысы нәтижесінде тілдің терең ішкі мағыналық құрылымы дамиды, жаңарады, көпмағыналылық, ауыспалы мағыналылық қалыптасады; сөздің мағыналық құрылымында әр алуан ерекше семалардың пайда болуы – тіл дамуының басты шарты. Тіл көркем әдебиет арқылы өзінің көркем өміріне жолдама алады, құбылады; сөздіктегі қасаң тіл келбетті лебізге айналып, барша ішкі мағыналық және мазмұндық болмысын ашады» [1;4]. Яғни, көркем әдебиет тілдегі заңдылықтардың көрініс тауып, танылуын, қалыптасуын зерделеудің дереккөзі болып саналады. Тілдегі сондай заңдылықтардың бірі - үнемдеу құбылысы. Үнемдеу заңдылығы сөйлеуге тікелей қатысты, яғни, тіл арқылы қарым-қатынас жасау барысында сөйлеуші тыңдаушыға шектеулі сөздермен ғана ойын толық әрі жылдам жеткізуге тырысады. Яғни, «Аз сөзбен көп мағынаны жеткізу – сөз мәдениетінің бір қыры. Бірақ қысқа баяндаудың бәрі шеберлік емес. Шеберлік аз сөзге көп мағына сыйғыза білуде. Сонда ғана сөз қысқалығы тіл мәдениетінің мәнді бір қырына айналады. – Шындығында, белгілі бір ойды ойсыратпай жеткізу, басы артық қолданыстардан сөзді арылтып отыру, аз сөзбен көп мағынаны білдіру оңай емес, оған аз уақыт кетпесе керек» [2;59]. Үнемдеудің (ықшамдаудың) түрлеріне синкретизм, контаминация, ассимиляция, редукция, эллипсис және т.б. жатады. Мақалаға өзек болып отырған синкретизм құбылысы Ә.Нүрпейісов шығармаларында молынан кездеседі. Жазушы күрделі туындысы - «Қан мен тер» трилогиясы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері болды. Кешегі аумалы-төкпелі замандағы халық өкілдерінің қайталанбайтын, дараланған, күрделі тағдырлы типтік бейнесін баяндаған "Қан мен тер" эпопеясы көптеген тілдерге аударылды. Аталмыш шығармадан синкретизм құбылысының табиғатын тануға септігін тигізетін мысалдарға талдаулар жасалды. Синкретизмнің сөз табына, сөз тіркесі мен сөйлем мүшелеріне қатысын қарастырмастан бұрын, оған берілген анықтамаларға тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Синкретизм құбылысы тек лингвистикада ғана емес, ол әдебиет, философия, өнер, дінтану және т.б. ғылымдарда кездеседі.

Синкретизмге энциклопедиялық философиялық сөздікте мынадай анықтама берілген: «Синкретизм (от греческого *synkretismos* - соединение) - 1) нерасчлененность, неразвитое состояние какого-либо явления (например, искусства на первоначальных стадиях человеческой культуры, когда музыка, пение, поэзия, танец не были отделены друг от друга); 2) смешение, неорганическое слияние различных элементов (например, различных культов и религиозных систем в поздней античности - религиозный синкретизм периода эллинизма) [3;609]. Яғни, «Синкретизм (біріктіру) - "жігі ашылмаған", біте қайнасқан сөз тіркесінің синонимі болып табылатын бұл ұғым қандай да болсын құбылыстың жетілмеген дамымаған, өзара жіктеле қоймаған бастапқы күйін білдіреді. Бұл ұғым көбінде алғашқы қауымдық немесе архаикалық мәдени кезеңге байланысты көп қолданылады. Өйткені дәл сол мәдени кезеңде мәдениет салаларының жіктелмегендігін байқаймыз. Синкретизмнің мәнін миф, мифологиялық сана өте жақсы анықтайды. Мифтердегі субъект - объектілік қатынастардың жоқтығы, жеке тұлғалық бастаманың көрінбеуі, адамның өзін айналасын қоршаған әлемнен бөліп-жарып қарамауы, т.б. синкретизм көріністері болып табылады. Архаикалық мәдениеттегі ғылымдардың, өнер түрлері мен наным сенімдердің жіктелінбеген бастапқы біртұтастық күйі архаикалық мәдениеттің синкреттік сипатын танытады. Сондықтан да мәдениет тарихында зерттеушілер алғашқы қоғамдық синкретизм деген үлкен кезеңді айқындайды. Адамзат дамуының бұл сатысында өмір өзінің іріктелмегендігімен, біртұтастығымен бір-бірімен етене тығыз байланыстылығымен сипатталады. Сол мәдени кезеңнің адамдарының дүние танымындағы синкретизм көріністерін алғашқы наным-сенім түрлерінен: фетишизм, анимизм, тотемизм т.б. айқын көруге болады» [4].

Сонымен, синкретизм ұғымын тарихи тұрғыдан алып қарайтын болсақ, қандай да болсын құбылыстың жетілмеген, дамымаған бастапқы күйін білдіреді екен.

Синкретизм тілге де тән құбылыс. Тіл білімі сөздігінде: «синкретизм (грек. *synkretismos* – біріктіру) - әр түрлі айтылымдық тұлғалардың қызметтік бірлесуі, қарама-қарсылықтарды бейтараптандыру, бір формада бірнеше мағыналардың берілуі» [5;331], -

деген анықтама берілген. Синкретизм құбылысы тілдің барлық қабаттарында кездеседі: лексикология, морфология т.б. Қазақ тіл білімінде синкретизм құбылысы тарихи лексикология (Ә.Т.Қайдаров, Е.З.Қажыбеков), тарихи морфология (М.Томанов) тұрғысынан зерттелді. Ә.Қайдаров әрі есімнің, әрі етістіктің қызметін атқарған синкретті түбірлер туралы: «Если учесть, что тюркский корень по своей природе представляет собой варибельную величину, то в отношении межтюркских однородных глагольно-именных пар, функционирующих в разных языках зачастую в самых различных формах, целесообразнее употреблять термин синкретизм или синкретические пар» [61;59], - дейді.

Ғ.Қалиев: «Синкретизм (грек. қосылу) қызметі әртүрлі сөздер мен грамматикалық формалардың тілдің даму барысында тұлғалас келуі. Кейбір ғалымдар бұған грамматикалық омонимдерді (омоформаларды), енді біреулері көп мағыналы сөздерді жатқызады. Мыс., *тоң* сөзі әрі зат есім, әрі етістік (бұйрық райдың жағында), көш әрі зат есім, әрі етістік (бұйрық рай жақ), *кір* әрі зат есім, әрі сын есім, *тамақ* сөзінің екі мағынасы да зат есім мағынасында қолданылады. С. қосымшаларда кездеседі. Мыс. *ша/ше* қосымшасы бірде кішірейту мағынасындағы зат есім тудырады: *күреңше, қалақша*, бірде үстеу мағыналы сөздер тудырады: *біздіңше, ескіше, жаңаша; дай/дей* бірде сын есім (*үйдей, таудай*), бірде үстеу (*жаздай, қыстай*) тудырады. Тіл жүйесіндегі ауыспалы (өтпелі) құбылыстармен байланысты туған тіл бірліктерінің бір-біріне қарама-қарсы дифференциалды құрылымы мен семантикалық белгілері қосарланып қатар қолданылады. Бұған әртүрлі будандық (диффуздық, аралық) құрылымдар жатады...» [7;286], - деп, атап көрсетеді. Ғалымның пікірінен тілдегі белгілі бір тілдік тұлғалардың бір-біріне ауысу үдерісінде синкретизм құбылысының пайда болатындығын аңғаруға болады. Синкретизм деп бір тілдік тұлғаның бойында екі немесе одан да көп грамматикалық мағыналар мен функциялардың қабат келуін айтамыз. Мәселен, морфологиялық деңгейдегі синкретизм құбылысы сөз таптарының өзара ауысулары барысында байқалады. Мысалы:

Осыдан бір жеті бұрын қайын атасы: «балықшыға сәлем айт, ауыз ашқасын барам», - деп, қатынаған *біреуден* айтып жіберген екен [8;9].

Кенет, ол үйінің алдына тоқтаған салт атты *біреуді* көрді. «Бұл кім болды екен», - деп ойлап, аттылы кісіден көзін айырмай келе жатыр [8;13].

Осы сөйлемдегі ерекшеленген *біреуден* сөзі нешеден? деген сұраққа емес, кімнен? деген сұраққа, *біреуді* сөзі кімді?, деген сұраққа жауап беріп, сан есімнің белгісіз есімдікке ауысқанын байқауға болады. Бұл сөз таптарының кейде сөйлемде үнемі негізгі қызметінде қолданыла бермей, екінші синтаксистік қызметте де жұмсалудың, яғни, сан есімдер есімдіктердің қатарына ауысуы (проминалдануы) негізінде бастауыштың қызметін атқаратындығын көрсетеді.

Тіліміздегі мұндай тілдік құбылыс туралы ғалым Т.Жукеев: «Сөз таптарының синкретизмі - сөз таптарының ауысу процесінде болатын бір кезең. Синкретизм «өту, көшу» процесінің нәтижесі десек, сондықтан ауысу процесі толық аяқталғанда, синкретизм құбылысы толығымен жойылмайды. Белгілі дәрежеде сақталады. Тілімізде *жарық, тең, бай, жас, батыр* секілді сөздердің бірде зат есім (*Бөлмеге жарық түсті. Батыр бір оқтық, бай бір жұттық*), бірде сын есім (*жарық бөлме, жас жігіттер, бай ауылдар*) болып жұмсалуды - категориялық мағыналары толық айқындалып болмаған бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысу үстіндегі синкретті сөздер екендігін білдіреді» [9;55], деп көрсетеді. Мысалы:

Бай, бәйбішеден басқа ... олардан басқа кісі көзіме түспеді. *Бай* үйінің бір сары тайлағы ... жамандатқыр, күнде мал қоралар кезде, жоқ болып шығады... [8;24].

Кешкі тымықта *бай* ауылдың түтіні шаншылып шығып, суыт келе жатқан жолаушыға «мен мұнда лап» көш жерден қол бұлғап тұрғандай [8;31].

Жасқа толы көзі бұлдырап, іштей тістеніп, сазарып алған. Мөңке *жас* жігіттің ішіндегі зары мен мұңын үнсіз ұғып, көзін төмен салып отыр [8;178].

Балықшылар Кәленді танып, бастарын көтеріп алды. Бір *жас* жігіт: Ағажан отырыңызшы! Жаман үйіміздің төбесін мойныңызбен іліп әкетерсіз, деп әзіл қатып еді, бірақ іштей арбасып қалған кісілер міз бақпады [8;37].

Ол қолына ұстай кірген бір асымдай *тоң* балықты босағаға тастай салды [8;6].

Берілген сөйлемдердегі ерекшеленіп берілген сөздер (*бай, жас, тоң*) бірде зат есімнің

қызметінде, бірде сын есімнің қызметінде жұмсалып, олардың бойында бірнеше грамматикалық мағыналардың түйіскенін көреміз.

Синтаксис деңгейіндегі синкретизм құбылысы сөйлем құрамындағы бір сөзге екі түрлі сұрақ қойылып, екеуі де синтаксистік қызметті атқаруынан көрінеді. Мысалы:

Урядник келгесін Құдайменде дереу балықшылар (неге?, қайда?) *ауылына* жаушы шаптырды [8;88]. Дәл осы кезде қара сақалды, киіз керекапты атшабар тағы да құйындатып шауып кеп, Кәленнің (несіне? қайда?) *үйіне* ат түмсығын тірей тоқтады [8; 195].

Бұл сөйлемдердегі ерекшеленген сөздерде (*ауылына*, *үйіне*) заттық мағынамен қоса көлемдік мағына да жарыса көрініс тауып тұр, екі түрлі синтаксистік қатынаста жұмсалуды, олар-

дың синкретті сөйлем мүшелері екендігін аңғартады.

Сонымен, синкретизм – белгілі бір тілдік категориялардың бір-біріне ауысу үстінде пайда болатын тілдік құбылыс.

1. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі (оқулық). Алматы, 2011.
2. Бейсенбаева З., Уәлиева Н., Исмаилова Ж., Қанабекова М., Қайдарова Г. Тіл мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 112 б.
3. Философский энциклопедический словарь. М., Советская энциклопедия. 1983.
4. www.google.kz
5. Тіл білімі создiгi. — Алматы: Ғылым, 1998. —544 б.
6. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы, 1986.
7. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2005.
8. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Алматы, 1976. – 824 б.
9. Жукеев Т.Б. Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге катысты синкретикалық құбылыстар. (ф.ғ.к. ғылыми дәреж. диссер.). Қарағанды, 2005.

Б. Рысбай

Синкретизм в произведениях А. Нурпеисова

В статье рассматривается явление синкретизма в процессе перехода одних языковых явлении в другие.

B. Rysbai

Syncretism in the works of A. Nurpeisov

This article discusses the phenomenon of syncretism in the process of transition of some linguistic phenomenon in others.

Б. Л. Сманова

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФАЗАЛЫҚ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Етістіктердің лексикалық мағынасы амал-әрекеттер білдірумен бірге, түрлі амалдың орындалу тәсілін де, қимылдық сипатын да білдіреді. Осындай бірнеше лексикалық реңктер оның негізгі мағынасымен қабаттасып өмір сүреді. Мысалы, "*Жүгір*" етістігі қозғалу мағынасын білдіреді. Басқа қозғалу етістігі мен айырмашылықтары қозғалудың тездігін білдіреді. Нақ осындай *жүгір* етістігі мен қатар *зырлау*, *аяғы аяғына тимеу* деуге де болады. Олардың қосымша мағынасы жағынан айырылып тұратындығы анық. Көмекші етістіктерде мұндай мағыналық реңктер болады. Мысалы, *отыр*, *жатыр*, *тұр*, *жүр* етістіктері көмекші етістік қызметін атқарумен бірге амал-әрекеттің созылықтылығын да білдіреді. Сонымен бірге *отыр* мен *жатыр*-дың айырмашылығы да бар. *Кітап оқып отыр*

дегенмен *кітап оқып жатыр* деген де отыр нақтылы осы әрекеттің орындалып жатқандығын білдіреді. Ал *жатыр* дегенде оқу амалының қазіргі кезде нақтылы болуында анық болмайды. *Оқып жатыр* дегенде оқу бірнеше күнге созылған амал болса да олар қазіргі кезде оқуы шарт емес, олардың негізгі амалы оқу екендігін, ол үздік-создық болуы да мүмкін. *Жүр* етістігі де сондай созылықтылығы амал әрекетті білдіреді. Осы мағынасына қарай оларда нақ осы шақ мағынасы бар дейміз. *Оқып жүр* дегенде амал-әрекеттің жатырдан да ұзақ болғандығын, уақытпен өлшенбейтін, бірақ негізгі еңбегі оқу екендігін білдіреді [1].

Етістіктер семантикалық жақтан зерттеу соңғы кездерде қолға алына бастағаны анық. Олар тек толық мағыналы етістіктерді лексика-семантикаға байланысты ғана сөз еткен.